



Алғыс хат

Аса Рақымды да, Мейірімді Алланың атымен

Әссәләму аләйкум уә рахматуллаһи уә баракатуһу!

Барлық мақтау-мадақ – жүрегімізге иманды дарытып, елімізге тыныштық пен бейбітшілікті нәсіп етіп, біз үшін Өз дініне қызмет ету мүмкіндігін бұйыртқан әлемдердің Раббысы Аллаға ғана тән! Бар игілік – жалғыз Одан, ал адамдар – сол игіліктерді жеткізуші себеп қана. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке, оның отбасына, сахабаларына және олардың дұрыс сөздеріне, амалдары мен сенімдеріне





ергендердің баршасына Алланың сәлемі мен мақтауы болсын.

Қадірлі мұсылман қауым! Осы жылдар бойы ТМД елдерінде және менің туған елім Қазақстан аумағында Ислам мен Сүннеттің дұрыс әрі қауіпсіз дамып, өркен жаюы үшін шынайы түрде тынымсыз дұға етіп келген әрбір жанға алғысымды білдіргім келеді. Алла Тағала сіздерге және жақындарыңызға қайыр-берекесін молынан жаудырсын!

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген:

«إِنَّمَا يَنْصُرُ اللَّهُ هَذِهِ الْأُمَّةَ بِضَعِيفِهَا، بِدَعْوَتِهِمْ وَصَلَاتِهِمْ وَإِحْلَاصِهِمْ»

«Ақиқатында, Алла Тағала бұл үмбетке (мұсылман жұртына) әлсіздері арқылы жәрдем беріп, жеңіс нәсіп етеді: олардың дұғалары, намаздары және ықыластары себепті»

(Нәсәи, 3178).

Сондай-ақ басқа хадисте былай дейді:

«هَلْ تُنصَرُونَ وَتُرزَقُونَ إِلَّا بِضُعْفَائِكُمْ»

«Шын мәнінде, сендерге жеңіс те, ризық-несібе де араларыңдағы әлсіздер себепті ғана беріледі»

(Бухари, 2896).





Біздің «SunnaPortal» атты жобамыз – бұл ортақ іске үлес қосып жүрген жалғыз еңбек емес. Біз – мұсылмандар мен Сүннет жолын ұстанушыларға қызмет етуді және осы ұлы міндетті атқаруды мақсат тұтқан, шамамыз жеткен азғантай білім мен мүмкіндігімізді сарп етіп жүрген еріктілер ғанамыз.

Осы жылдар ішінде жобаларға атсалысқан әрбір жан қомақты еңбек сіңірді. Соңғы бір жарым жылда бұл жұмыстың едәуір бөлігі шын өмірде (офлайн) жүзеге асты. Осыған орай, Сүннетке шақыру жолында әлеуметтік желілерде белсенділік танытып, еңбек еткен әрбір қатысушыға алғысымды айтамын. Өйткені солардың еңбегі себепті, өзгелер шын өмірдегі жұмыстарға көбірек көңіл бөлу мүмкіндігіне ие болды.

Бүгінгі күні еңбек етудің екі форматы да ауадай қажет әрі өте маңызды. Егер онлайн-жобаларға көңіл бөлмесек, радикалды көзқарастар мен сан түрлі экстремистер интернет кеңістігін тез-ақ жаулап алып, адамдардың санасын улайды. Ал егер офлайн-жобалардан алыстасақ, қоғамда тәртіпсіздік пен діни бағытсыздық белең алады. Өйткені қай деңгейде болмасын, кез келген саладағы адамдардың қарым-қатынасы бетпе-бет жүздесіп, тікелей тілдесудің





негізінде құрылады. Саналы мұсылмандар мұндай екі жағдайдың біріне де жол бермесі анық.

Шынайы бауырластық – бірін-бірі кемсіту емес, алайда бірін-бірі толықтыру. Әр мұсылман өз бауырына сүйеу болып, нәтижесінде біртұтас құрылым қалыптасады. Бұл жайында Пайғамбарымыз ﷺ былай деген:

«الْمُؤْمِنُ لِلْمُؤْمِنِ كَالْبُنْيَانِ يَشُدُّ بَعْضُهُ بَعْضًا»

«Мүміндер бірін-бірі бекемдеп тұрған біртұтас құрылым секілді»

(Бұхари, 481; Мұслим, 2585).

Сондықтан мұсылмандар – бір-біріне бәсекелес емес, қайта жәрдемші. Солай болғай! Бірі бір міндетті мойнына алса, екіншісі өзге міндетті атқарады. Бірақ барлығының мақсат-мұраты бір, ұстанғаны – ақиқат жолы.

Соңғы бір жарым жыл ішінде елімізге аты танымал, абырой-беделі жоғары шейхтер келіп қайтты. Олар бұған дейін Қазақстанға аяқ басып көрмеген, тіпті туған жеріміздің көркі мен даму деңгейі жайында хабардар да емес еді. Иә, сапарлары саяхат мақсатта болғанымен, бұл жайт Сүннет жолын ықыласпен ұстанған әрбір мұсылман үшін үлкен қуаныш болды.





Бұл кісілер – халықаралық деңгейде аса құрметті, сөзі өтімді жандар. Оларға әлемнің түкпір-түкпірінен адамдар пәтуа, ақыл-кеңес, бағыт-бағдар сұрап жүгінеді. Солардың қатарында өз еліміздің азаматтары да бар екеніне кәміл сенемін.

Бұрын мен осы қадірлі ақсақал шейхтерге былай айтқан едім:

«Сіздерге біздің өңірден де жиі сауалдар келіп тұрады. Сондықтан бір күні елімізге келіп, жерімізді өз көздеріңізбен көрсеңіздер игі болар еді. Отанымыздың рухын сезініп, мәдениеті мен салт-дәстүрін танып, халқымыздың болмысын тереңірек ұғынар едіңіздер. Бұл өздеріңізге жүгінетін адамдарды жақсырақ түсінуге көмегін тигізеді. Бұдан бөлек, қай жерде шындық айтылып тұрғанын, ал қай жерде әдейі жалған ақпарат таратылып жатқанын бұрынғыдан да анығырақ ажыратуға жәрдем етеді. Өйткені кейбір арандатушылар сіздерге деректерді бұрмалап жеткізіп, ауыздарыңыздан бір сөз іліп алып, кейін оны қоғамда тұрақсыздық туғызу мақсатында пайдаланғысы келеді. Тәжірибелеріңіз мол болғандықтан, мұндай әрекеттермен талай мәрте жолыққан шығарсыздар деп есептеймін».





Бәлкім, осы сөздердің бірнеше жылдар бұрын себілген дәні уақыт өте жеміс беріп, бұл шейхтарды ислам әлемінде жаңа да ғажайып мекендерге аяқ басып, танысуға жетелеген болар.

Осы орайда, өз елімнің азаматы әрі мұсылман ретінде, туған жерімізге келген қонақтардың жайлы да қауіпсіз болуы үшін бірлесе жағдай жасап, игі істер атқарып жатқан Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа және барлық мемлекеттік әрі жергілікті атқарушы органдарға шынайы алғысымды білдіргім келеді.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген:

«مَنْ لَا يَشْكُرُ النَّاسَ لَا يَشْكُرُ اللَّهَ»

«Адамдарға алғыс айтпаған Аллаға да шүкірлік етпейді»

(Тирмизи, 1955).

Шынын айту керек, мен өз елімнің қайталанбас табиғатын жаңадан танығандай болдым. Өйткені Алматының тумасы болсам да, осы таңғажайып мекендердің бәрін аралап, зерттеп көру ойыма да келмейті. Әрине, ең белгілі «классикалық» орындарды білетінбіз. Бірақ ұзақ жылдар бойы оқу-біліммен жүріп, елден тыс болған кезеңде, расымен





де, көп дүние түбегейлі өзгеріп, мүлде жаңаша кейіпке еніпті.

Алла Тағала Ұлы Даламызды және әлемдегі барша мұсылман елдерін күллі бәле-жаладан, қастық пен арам пиғылдылардың айласынан сақтасын! Әмин!

Қорытындылай келе: Біз, «SunnaPortal» жобасының басшылығы, қызметкерлері және барлық атсалысушылары атынан әрбір әлсіз де күшті жанға алғысымызды білдіреміз. Біз бүгінде адамдардың шынайы дұғалары, мемлекеттің қолдауы мен жүйелі еңбегі, ғалымдардың насихаты мен белсенді жандардың табанды қызметі – осының барлығы бір арнаға тоғысып, нәтижесінде қауіпсіздік, өркендеу және даму кеңістігі қалыптасып жатқанын анық көріп отырмыз. Мұның барлығы – әлемдердің Раббысы Алланың бақылауы мен қамқорлығы аясында. Сау қоғамды қалыптастыру үшін бұдан артық қандай үйлесім керек?

Әрине, ешқашан босаңсуға да, өз-өзімізбен тамсануға да болмайды. Шайтан әрекетсіз отырған жоқ, тіпті бізден де қатты тынымсыз екенін байқауға болады. Кез келген сәтте жағдай күрт өзгеріп кетуі мүмкін.





Дегенмен жақсылыққа деген үміт әрдайым бар әрі одан ешқашан күдер үзбеуіміз керек.

Құдси хадисте Алла Тағала былай дейді:

«أَنَا عِنْدَ ظَنِّ عَبْدِي بِي»

«Құлым Мен туралы қандай ойда болса, Мен оған сол ойына сай боламын»

(Бұхари, 7505; Мұслим, 2675).

Алла Тағала жайында көркем ойда, жақсы үмітте болуымыз қажет. Егер сол үмітті құлшылықтың өзге түрлерімен, орынды себептермен және дұрыс сеніммен ұштастырсақ, Алла Тағала бізге дүниеде де, ақыретте де Өзінен күткен игілікті нәсіп етеді.

*Ізгі дұғамен,
бауырыңыз, ерікті,
Мағжан Тобықты
8/7/1447 н. — 28.12.2025 г.*

